

АСТАНА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ
«№55 Жалпы орта білім
беретін мектеп»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ
БҰЙРЫҚ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ
ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ
«Общеобразовательная
ШКОЛА №55»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНА
ПРИКАЗ

010000 Астана қ. Жаһанша Досмұхамедұлы, 2
Факс (7172) 501-524, тел: 501-523
<http://55.astana-bilim.kz>

010000 г. Астана ул. Жаһанша Досмұхамедұлы, 2
Факс (7172) 501-524, тел: 501-523
E-mail: <https://mail.kz/ru/mail>

«01» Қармүйек 2025ж.

№ 209

**Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу
бойынша жауапты тұлғаны тағайындау
және алдын алу жұмыстарын
ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарын орындау, оқушылар арасында құқықтық сана мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сонымен қатар білім беру ұйымында ашықтық пен адалдық қағидаттарын нығайту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Астана қаласы әкімдігінің «№55 жалпы орта білім беретін» мектепте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмыстарға жауапкершілік директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Г.Т.Базилбаеваға** жүктелсін.

2. 2025-2026 оқу жылында мектепте **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүйелі жұмыстар** ұйымдастырылсын.

3. **Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары** бекітіліп, іске асырылсын (қосымшада).

4. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Базилбаева Г.Т.:

- Сынып жетекшілермен бірлесіп, құқықтық тәрбие және парасаттылықты қалыптастыру бойынша тәрбие сағаттарының өткізілуін бақыласын;
- «Адал ұрпақ» еріктілер клубының жұмысын жандандырып, нақты бағыттар бойынша іс-шаралар жүргізілуін қадағаласын;
- Мемлекеттік қызметкерлермен, полиция қызметкерлерімен және қоғам белсенділерімен кездесулер ұйымдастырсын.

5. Сынып жетекшілер:

- «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ», «Адалдық – ардың ісі», «Парасатты азамат» тақырыптарында ай сайын тәрбие сағаттарын өткізсін;
- Оқушыларды шығарма, сурет, эссе, бейнеролик байқауларына қатыстырып, парасаттылық идеясын насихаттасын.

6. Психолог **М.Дукенбаева** және әлеуметтік педагог **А.Шотанова**:

- Адалдық, әділеттілік, жауапкершілік бағытында тренингтер, семинарлар өткізсін;
- Қиын оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізсін.

7. Мектептің ақпараттық бұрыштарында және әлеуметтік желілерде:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы үгіт-насихат материалдары (плакат, брошюра, бейнероликтер) орналастырылсын;

- Ата-аналар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

8. Осы бұйрықтың орындалуын тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Г.Т.Базилбаева** бақылауға алсын.

Директор



Д.Рахимберлина

Таныстым

[Handwritten signatures]

Д.Темирова
Г.Базилбаева
М.Дукенбаева
А.Шотанова